

**Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 4703 "Ақтөбе қаласы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймақта бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 4360 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 қыркүйекте № 29375 болып тіркелді

**3ҚАИ-ның ескертпесі!**

Осы қаулы 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы әкімдігінің "Ақтөбе қаласы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймақта бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" 2020 жылғы 30 қарашадағы № 4703 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7751 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген қосымшада:

реттік нөмірі 4-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

4	Ақтөбе су коймасы, Елек өзені, Қарғалы өзені су қорғау аймактары шегінде, Көктем, Балауса, Жібек жолы, Заречный-4, Қарғалы тұрғын үй алаптарын, Есет батыр шағын ауданын қоса алғанда, аурұхананың шығыс жағынан Қарғалы өзенінің су корғау аймағы бойымен "Ақтөбе-Орск" бағытындағы тас жолына дейінгі жерді қоспағанда, Қызылжар тұрғын үй алабы, Украина тұрғын үй алабы, Кенес Нокин тұрғын үй алабының солтүстік-батыс бөлігі және Пригородное тұрғын үй алабының батыс бөлігін қоса алғандағы шекараларда.	1,45
---	--	------

";

реттік нөмірі 10-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

-	Әз Наурыз көшесіндегі көпірден бастап темір жол бойымен Арынов көшесінің қиылышына дейін, Арынов көшесімен	
---	--	--

10	<p>А.Иманов көшесінің қылышына дейін, А.Иманов көшесімен Павлов көшесінің қылышына дейін, Павлов көшесімен Елек көшесінің қылышына дейін, Елек көшесімен, Самал тұрғын үй алабы, мәдениет және демалыс саябағын қоса алғанда, Бекенбай батыр көшесіне дейін, Бекенбай батыр көшесімен 12 Вг шағын ауданың онтүстік-шығыс жағы бойымен Красин көшесіне дейін, Красин көшесімен Бекенбай батыр көшесінің қылышына дейін, Бекенбай батыр көшесімен Әз Наурыз көшесіне дейін, Әз Наурыз көшесімен көпірге дейінгі шекараларда.</p>	1,9
----	--	-----

"  
",

реттік нөмірі 11-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

11	<p>Кірпішті тұрғын үй алабы, "Казахвзрывпром" акционерлік қоғамының аумағын қоса алғанда, теннис корты, Ақжар-2 тұрғын үй алабы, "Ақжар плюс", "Тереңсай", "Сарбаз", "Зеленая" бау-бақша үжымдары.</p>	1,65
----	--	------

"  
",

реттік нөмірі 12-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

12	Жарық тұрғын үй алабы.	1,45
----	------------------------	------

"  
",

реттік нөмірі 17-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

17	<p>Ипподром аумағы, одан әрі "Ақтөбе-Орск" және "Ақтөбе-Хромтау" тас жолдарына қарай жол айрығынан Есет батыр шағын ауданының шекарасына дейін, одан әрі Жібек жолы, Заречный-4 тұрғын үй алаптарымен шектесетін "Ақтөбе-Хромтау" тас жолының онтүстігіне қарай, "Ақтөбе-Орск" және "Ақтөбе-Хромтау" тас жолдарының жол айрығына дейінгі шекараларда.</p>	0,8
----	---	-----

"  
",

реттік нөмірі 21-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

21	Сазды, Бауырластар, Бауырластар-2 тұрғын үй алаптары, "Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті" ауруханасының жерлері, Құрашасай, Қанағат, Қурайлы тұрғын үй алаптары.	1,35
----	---	------

"

";

орыс тіліндегі қаулының, реттік нөмірі 24-жолға өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі

*A. Шахаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК